

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ., 2025 жылғы 31 наурыз

Әділ Мұхамеджановтың KASE Басқармасының төрағасы болып тағайындалуы туралы

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) Әділ Нұрланұлы Мұхамеджановтың 2025 жылғы 31 наурыздан бастап Биржаның Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалғанын хабарлайды.

Әділ Мұхамеджановтың Қазақстан Республикасының қаржы саласында 20 жылдан астам еңбек тәжірибесі бар. Өзінің кәсіби қызметін ол 2002 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінде бастап, Департамент директорының орынбасары лауазымын қоса алғанда, бірқатар жауапты лауазымда еңбек етті, ақша-кредит саясатын іске асыруға және Ұлттық қордың активтерін басқаруға жетекшілік етті.

Одан кейін Әділ Нұрланұлы KASE-де Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып, сауда-саттық пен клиринг қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асырды. Оның басшылығымен валюта нарығында сауда-клиринг жүйесі сәтті іске қосылды.

KASE-нің Басқарма төрағасы қызметіне тағайындалғанға дейін Әділ Мұхамеджанов «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ Басқарма төрағасы қызметін атқарды. Оның басшылығымен Орталық депозитарийдің 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясы әзірленіп, табысты іске асырылды, оның аясында ұйымды цифрландыру және жергілікті депозитарлық хаб ретінде дамыту жүргізілді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары акциялары нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен төртінші орында.

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және валюта свопы, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы.

KASE Клиринг орталығы (КАСС) – KASE-нің 100% еншілес ұйымы, ол барлық KASE нарығында клиринг, есеп айырысу және орталық контрагент функцияларын орындайды. KASE ресми тізіміндегі 253 эмитенттің 989 бағалы қағаз шығарылымын қоса алғанда, 1500-ден астам қаржы құралы бойынша клиринг жүргізеді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.